

«АҚМОЛА ОБЛЫСЫ БІЛІМ
БАСҚАРМАСЫНЫҢ
КӨКШЕТАУ ҚАЛАСЫ
БОЙЫНША БІЛІМ БӨЛІМІ
КӨКШЕТАУ ҚАЛАСЫНЫҢ
№5 КӨППРОФИЛЬДІ
«ТАНДАУ» ГИМНАЗИЯСЫ»
КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



КОММУНАЛЬНОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ
«МНОГОПРОФИЛЬНАЯ
ГИМНАЗИЯ № 5 «ТАНДАУ»
ГОРОДА КОКШЕТАУ ОТДЕЛА
ОБРАЗОВАНИЯ ПО ГОРОДУ
КОКШЕТАУ УПРАВЛЕНИЯ
ОБРАЗОВАНИЯ
АКМОЛИНСКОЙ ОБЛАСТИ»
ПРИКАЗ

БҰЙРЫҚ

№141, Әшімов к.
8/7162/25-72-02, 25-57-14

ул. Ашимова, 141
тел.8/7162/ 25-72-02, 25-57-14

2024 жылғы 08.01 № 02

**Білім алушыларды
қорытынды аттестаттаудан
өткізу мерзімдерін бекіту туралы**

«Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 38) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкес, сондай-ақ Ақмола облысы білім басқармасының Көкшетау қаласы бойынша білім бөлімінің 2024 жылғы 3 қаңтардағы №6 бұйрығы негізінде, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қорытынды аттестаттаудың мынадай мерзімдері бекітілсін:

9 (10)-сынып оқушылары үшін қорытынды бітіру емтихандары - 2024 жылғы 29 мамырдан бастап 10 маусым аралығында;

11 (12)-сынып оқушылары үшін қорытынды бітіру емтихандары – 2024 жылғы 28 мамырдан бастап 11 маусым аралығында.

2. Қорытынды аттестаттауды өткізудің мынадай мерзімдері бекітілсін:

9 (10)-сынып оқушылары үшін:

1) казак тілі/орыс тілі және өзбек/ұйғыр/тәжік тілінде білім беретін мектептер үшін ана тілі (оқыту тілі) бойынша эссе нысанында жазбаша емтихан, гуманитарлық цикл пәндерін тереңдетіп оқытатын мектеп білім алушылары үшін - жазбаша жұмыс (мақала, әңгіме, эссе) - 2024 жылғы 29 мамыр;

2) математика (алгебра) бойынша жазбаша емтихан (бақылау жұмысы) - 2024 жылғы 3 маусым;

3) орыс тілінде оқытатын сыныптарда қазақ тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан (мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау) және қазақ тілінде оқытатын сыныптарда орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан (мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау) - 2024 жылғы 6 маусым;

4) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география, геометрия, Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы, әдебиет (оқыту тілі бойынша), шет тілі (ағылшын), информатика) – 2024 жылғы 10 маусым;

11 (12)-сынып оқушылары үшін:

1) қазақ тілі/орыс тілінде білім беретін мектептер/сыныптар үшін ана тілі (оқыту тілі) бойынша жазбаша емтихан - 2024 жылғы 28 мамыр;

2) алгебра және анализ бастамалары бойынша жазбаша емтихан - 2024 жылғы 31 мамыр;

3) Қазақстан тарихы бойынша ауызша емтихан - 2024 жылғы 4 маусым;

4) орыс тілдерінде оқытатын мектептерде/сыныптарда қазақ тілі мен әдебиетінен және қазақ тілінде оқытатын мектептерде/сыныптарда орыс тілі мен әдебиетінен жазбаша емтихан - 2024 жылғы 7 маусым;

5) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география, геометрия, дүниежүзілік тарих, құқық негіздері, әдебиет (оқыту тілі бойынша), шет тілі (ағылшын), информатика) – 2024 жылғы 11 маусым.

3. Бұйрықтың орындалуын бақылау директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары К. Б. Бабаковаға жүктелсін.

Директор

Исп. К. Бабакова
255714



Ж. Рахимбекова